

Баянауыл ауданы Майқайың кентінің көшесін өзгерту туралы

Павлодар облысы Баянауыл ауданы Майқайың кенті әкімінің 2012 жылғы 18 маусымдағы N 42 шешімі. Павлодар облысы Баянауыл аудандық Әділет басқармасында 2012 жылғы 27 маусымда N 12-5-110 тіркелді

Қазақстан Республикасының 1993 жылғы 08 желтоқсандағы "Қазақстан Республикасындағы әкімшілік–аумақтық құрылысы туралы" Заңының 14-бабының, 4) тармақшасына, Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 35-бабының 2-тармағына және Майқайың кент тұрғындарының 2012 жылғы 27 сәуірдегі көпшілік жиынның N 4 хаттамасына сәйкес **ШЕШІМ қабылдаймын:**

1. Баянауыл ауданы Майқайың кентінің "Чкалов" көшесі "А. Әбдіқалықовқа" өзгертілсін.

2. Осы шешім алғаш ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Кент әкімі

О. Ермекбаев